

Докторант Мурашбеков Олжас Бериковичтің 6D030300 -«Құқық қорғау қызметі» мамандығы бойынша PhD докторы дәрежесін ізденуге «Компьютерлік қылмыстарды тергеудің процессуалдық және криминалистикалық аспектілері» атты диссертациялық жұмысы туралы ресми рецензенттің

СЫН ПІКІРІ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі.

Компьютерлік қылмыстардың қазіргі таңда қарқынды жылдамдықпен өрісін жайып келе жатқан қылмыстардың бірі деуге болады және олардың салдарынан келтірілетін шығын миллиардтармен есептеледі. Компьютерлік қылмыстардың жасалу ерекшелігіне байланысты, көп жағдайда, трансшекаралық сипатына ие болуы бүкіл әлем болып жұмылып, осы қылмыстарға қарсы іс-қимылды жүзеге асыру мен жетілдіру қызметі басты мәселелердің біріне айналды.

Компьютерлік қылмыстармен келтірілетін материалдық залал мен қылмыстар санының күрт өсуінің тұрақтылығымен байланысты компьютерлік қылмыстарға қарсы күрестің нысаны мен әдістерін жетілдіру мәселесі өзекті бола бермек.

О.Б.Мұрашбековпен дайындалған диссертациялық жұмыс қазіргі таңда бүкіл әлем бойынша құқық қорғау органдарының өзекті мәселелерінің бірі болып табылатын компьютерлік қылмыстарды тергеудегі мәселелерді қамтыды.

Диссертациялық жұмыста берілген тұжырымдар Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінде күрделі өзгерістерден өткенін, жаңа мазмұнында Қылмыстық заңнамада компьютерлік қылмыстар үшін жаза көзделетін баптардың орын алғаны қарастырылған.

Сонымен қатар, компьютерлік қылмыстылықтың пайда болу тарихын даму кезеңдерін және оның анықтамасын, компьютерлік ақпараттың түсінігін ашып, талдау жасаған.

Автор компьютерлік қылмыстардың тәжірибеде қолдану мәселелеріне тоқталып, кемшіліктерге назар аударған. Компьютерлік қылмыстарға қарсы іс-қимыл жүргізу жолдары айқындалып, оларды жетілдіруге ұсыныстар берілген.

О.Б. Мұрашбеков өзінің мақаласында компьютерлік қылмыстарға қарсы күресуде шет мемлекеттердің тәжірибесі туралы анықтама берген.

Автор қолданыстағы Қылмыстық Кодекстің 205-бабына ақпарат түсінігін ашып, бапқа қосымша ретінде 1-1 бөлігімен толықтыруды енгізуді ұсынған. Сонымен қатар, ақпараттық қауіпсіздік концепциясын жүзеге асыру мақсатында компьютерлік қылмыстардың алдын-алу шараларын жетілдіру мақсатында заңнама тұрғысынан жасаған қылмыс үшін жауаптылықты қатаңдату ұсынысын берген.

«Ғылыми дәрежелер беру ережесінің» 8, 10-баптарының диссертацияға қойылатын талаптарына ғылыми нәтижелердің сай болуы. Ізденуші О.Б.Мұрашбеков «Компьютерлік қылмыстарды тергеудің

процессуалдық және криминалистикалық аспектілері» атты диссертациялық жұмысы 6D030300 – Құқық қорғау қызметі мамандығына сәйкес жазылған.

Ізденуші О.Б.Мурашбековпен дайындалған диссертациялық жұмысының алдына қойған міндеттерді шешуге бағытталған бірқатар мәселелер мен тұжырымдардан тұратын ғылыми ізденісі келесі ғылыми нәтижелерге қол жеткізді:

1. Ақпаратқа құқыққа сыйымсыз қол жеткізу қылмыстық әрекеттің компьютерлік ақпаратқа қол сұғушылық сипатын көздейтінін ескере келе, *«Ақпараттық қауіпсіздік» сөз тіркесін қайта қолдана отырып, «Ақпараттандыру және байланыс саласындағы және ақпараттық қауіпсіздікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар»* деп тараудың атын өзгерту ұсынылған. Бұл заңнама тұрғысынан компьютерлік қылмыстардың қол сұғушылықтары шеңберін айқындауға септігін тигізеді.

2. Компьютерлік қылмыстардың пайда болуын және жасалынуын зерттей келе, осы саладағы қылмыстарға қатыстылығын ескеріп, оған ғылыми тұрғыда анықтамасы берілген. **Компьютерлік қылмыстылық – ол компьютерлік техниканың көмегімен және онымен өңделінетін компьютерлік ақпараттың қауіпсіздік шараларына әсер ету арқылы құқыққа сыйымсыз қол жеткізудің, қол жеткізуді жүзеге асыра отырып, компьютерлік ақпаратты қылмыс құралы ретінде пайдаланудың нәтижесінде заңмен тыйым салынған қол сұғушылықтардың жиынтығы (қылмыстық әрекеттер, әрекетсіздіктер) ретінде түсіну ұсынылды.**

3. Ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтың формальды құрамына ие болып, ақпаратқа құқыққа сыйымсыз қол жеткізгеннен бастап қылмыс аяқталды деп есептелуі мүмкіндігіне ие болу үшін Қылмыстық Кодекстің 205-бабы 1 бөлігінің және сол баптың 1 бөлігінен кейін 1-1 бөлігімен толықтырып, келесі мазмұнда өзгерту ұсынылған:

«205-бап. Ақпаратқа, ақпараттық жүйеге немесе телекоммуникациялар желісіне құқыққа сыйымсыз қол жеткізу -

1. электрондық жеткізгіштегі заңмен қорғалатын ақпаратқа, ақпараттық жүйеге немесе телекоммуникациялар желісіне қасақана құқыққа сыйымсыз қол жеткізу - ...».

«205-бап. Ақпаратқа, ақпараттық жүйеге немесе телекоммуникациялар желісіне құқыққа сыйымсыз қол жеткізу -

1. электрондық жеткізгіштегі заңмен қорғалатын ақпаратқа, ақпараттық жүйеге немесе телекоммуникациялар желісіне қасақана құқыққа сыйымсыз қол жеткізу -...

1-1. Мынадай:

1) осы баптың 1 бөлігінде көзделген, азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін не қозғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзуға әкеп соққан;

2) алдын ала сөз байласу бойынша адамдар тобымен жасалған дәл сол әрекеттер – ...».

Компьютерлік қылмыстарға қарсы күресті күшейту мақсатында және Қазақстан Республикасы ҚК-тің 7 тарауында қарастырылған 205, 206, 208, 211- баптарының 1 бөліктері санкцияларын «бас бостандығынан айыру» жаза түрімен толықтыру ұсынылған.

4. Компьютерлік қылмыстарға қарсы күресті одан әрі жетілдіру мақсатында киберқылмыстылыққа қарсы күрес халықаралық конвенция тұжырымдамасының маңыздылығы анықталып, Отанымыздың компьютерлік қылмыстарға қарсы іс-қимылды жүзеге асыру мен оны жетілдіруге бағытталған жоғары деңгейдегі іс-шараға айналуына үлесін қосады.

5. Компьютерлік қылмыстарды анықтау, алдын-алу мен жолын кесуде Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының қызметін жеңілдетуді және қызметті одан әрі жетілдіруді жүзеге асыру мақсатында компьютерлік қылмыстарды жасаушы тұлғаларды орталықтанған арнайы есепке алу жөніндегі тіркеу жұмысын ұйымдастыру ұсынылды.

6. Компьютерлік қылмыстардың жасалуда қалатын **ақпараттық іздер – компьютерлік техниканың аппараттық немесе бағдарламалық қамсыздандырудың көмегімен қылмыскердің ақпаратқа әсер етумен ұштасқан компьютерлік ақпараттың өзгеру көрінісі** ретінде түсіну қажет. Бұл ақпараттық іздер, компьютерлік қылмыстарды тергеп-тексеру барысында қатты дискіні қарау тергеу әрекетін жүргізуде көрініс тауып, жедел-іздіктер және тергеу қызметінің қызметкерлеріне қылмысты ашуда, қылмыс бойынша дәлелдемелік базаны жинауда, қылмыскердің ізіне түсуде тиімді нәтижелерге қол жеткізу үшін оң септігін тигізеді.

7. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында ақпаратқа құқыққа сыйымсыз қол жеткізуді анықтау мақсатында жедел-іздіктер шараларын және тергеп-тексеру әрекеттерін жүргізу алгоритмінің ұйымдастырушылық нұсқасы әзірленді. Сонымен қатар, интернет желісін пайдалану арқылы компьютерлік ақпаратқа құқыққа сыйымсыз қол жеткізуді анықтауға бағытталған тактикалық операция мен жеке тергеу әрекеттердің жүйесі ұсынылады. Бұған қатысты мәселелер тәжірибелік көзқараста зерттелініп, ғылыми тұрғыдан дәлелденді.

Диссертациялық жұмыстың негізгі тұжырымдары, зерттеудің басты нәтижелері 11 ғылыми еңбек жарияланды:

Қазақстан Республикасы БҒСБК ұсынылған баспалардағы жарияланымдар

1. «Қазақстан – компьютерлік қылмыстарға қарсы күресті күшейтуде» Наука и жизнь Казахстана. - №2 (29). – 2015.

2. «Компьютерлік қылмыстармен күресудегі өзекті мәселелер мен жетілдіру жолдары» Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университетінің Хабаршысы. – 2015. – №5 (108).

3. «Ақпаратқа заңсыз қол жеткізудің іздері» Наука и жизнь Казахстана. №3 (38). – 2016.

4. «Ақпараттық қауіпсіздікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың кейбір мәселелері» Қарағанды университетінің хабаршысы. «Құқық» сериясы. – 2016. – №3 (83).

Шетел баспалардағы жарияланымдар

5. Murashbekov O.B. «Methods for Cybercrime Fighting Improvement in Developed Countries» Journal of Internet Banking and Commerce. – 2015. V.2015. – Iss. S1. – P.5.

Халықаралық конференцияларындағы жарияланымдар

6. «Ұялы телефон – ақпаратқа заңсыз кірудің құралы ретінде». Заманауи ғылымның өзекті мәселелері: Б.Бейсеновтың 90 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Қарағанды, 2013.

7. «Компьютерлік ақпаратқа заңсыз кірудің кейбір мәселелері» Заманауи әлемдегі ғылым мен білім: халықаралық ғылыми – практикалық конференция материалдары. – Қарағанды: «Болашақ-Баспа», 2014. 1 Том

8. «Компьютерлік ақпаратқа заңсыз кіруді тергеу барысындағы жауап алу» Заманауи әлемдегі ғылым мен білім: халықаралық ғылыми – практикалық конференция материалдары. – Қарағанды: «Болашақ-Баспа», 2014. 9 Том

9. «Некоторые проблемы борьбы с киберпреступностью» Деятельность правоохранительных органов в современных условиях: материалы XIX Международной научно – практической конференции. – Иркутск: ФГКОУ ВПО ВСИ МВД России, 2014

10. «Проблемы деятельности правоохранительных органов в борьбе с компьютерными преступлениями» IV Балтийский юридический форум «Закон и правопорядок в третьем тысячелетии»: Материалы международной научно-практической конференции / Под ред. С.В. Векленко. – Калининград: Калининградский филиал СПбУ МВД России, 2016.

11. «Некоторые проблемы расследования компьютерных преступлений» Заманауи ғылым мен білім: Қазақ хандығының 550-жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары / Заң ғылымдарының кандидаты Д.Т.Кенжетәевтың жалпы редакциясымен. - Қарағанды: ҚР ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2015.

Ғылыми диссертацияның аңдатпасы зерттеу жұмысының негізгі мазмұнын толығымен ашып және құрылымына сәйкес келеді. Сонымен қатар, аңдатпада диссертациялық жұмыспен алынған нәтижелері, қортындылары мен тұжырымдары айғақталған.

Диссертацияның мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктерге келетін болсақ, диссертациялық жұмыста автормен криминологиялық аспектілерін құрайтын сипатты ескере отырып, компьютерлік қылмыстардың тиімді алдын-алу үшін іс-шараларды толығымен ашып, кешенді түрде қолдануды ұсыну толығырақ болар еді.

Компьютерлік қылмыстарды жасаушы тұлғаларды «хакер» немесе «киберқылмыскер» анықтамасын ғылыми тұрғыда ашылған жағдайда, тұлғалардың қылмысқа қатысушылық деңгейін анықтау мен қарастыру мүмкіндігіне ие болушы еді. Алайда ескертулердің ұсыныстық және

дискуссиялық сипатын және олардың жұмысқа оң бағасына әсер етпейтінін атап өткен жөн.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы жанындағы 6D030300 - «Құқық қорғау қызметі» мамандығы бойынша PhD докторы ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғайтын Диссертациялық кеңесінде қорғауға қарсы емеспін.

Қорыта келгенде, ізденуші О.Б.Мурашбековтың PhD докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған «Компьютерлік қылмыстарды тергеудің процессуалдық және криминалистикалық аспектілері» атты диссертациялық жұмысын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің «Ғылыми дәрежелер беру ережелері» талаптарына толық жауап беретін, ғылыми-теориялық пікірлері нақты, тұжырымдары мен қортындылары дәлелді, тақырыптық өзектілігі мен мазмұнына сай ғылыми еңбек ретінде бағалап, ізденуші О.Б.Мурашбеков PhD докторы ғылыми дәрежесін алуға лайықты.

**Ресми рецензент,
Д.А.Қонаев атындағы
Еуразиялық Заң академиясының
әдістемелік жұмыс бойынша
проректоры,
заң ғылымдарының докторы
профессор**

С.С.Молдабаев



З.З.Д.

08.08.2023

[Handwritten signature]

*С.С. Молдабаевтің
ресми қолтаңбасы
[Handwritten signature]*